

## **ҚР ӘМ «ҚР ЗҚАИ» ШЖҚ РМК-ның 2020 жылғы қаржы шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы ақпарат**

ҚР ӘМ «ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – «ЗҚАИ» ШЖҚ РМК) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымы болып келеді.

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК – орталықтандырылған басқаруы бар, құрамында оқшауланған құрылымдық бөлімшелері бар бірыңғай заңды тұлға (барлық облыс орталықтарындағы, Нұр-Сұлтан, Алматы, Семей, Шымкент қалаларындағы заңды тұлға құқығынсыз филиалдары).

Жарғылық капиталы **15 867 мың теңгені** құрайды.

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК қызметінің нысанасы мемлекеттің қызметін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының республикалық бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулерінің, оның ішінде халықаралық ұйымдармен бірлескен зерттеулердің бірыңғай дерекқорын жүргізу болып табылады.

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК қызметінің мақсаты республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде норма шығармашылығы қызметінің тиімділігін арттыру және құқықтық ғылымның рөлін күшейту, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін бірыңғай мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз етуге қатысу, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының республикалық бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулерінің, оның ішінде халықаралық ұйымдармен бірлескен зерттеулердің бірыңғай дерекқорын жүргізу, компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, құқықтық ақпаратты алуда мемлекеттік органдарға, өзге де заңды және жеке тұлғаларға жәрдемдесуге бағытталған ақпараттық жүйелер қызметін қамтамасыз ету болып табылады.

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК қойылған мақсаттарын іске асыру үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шеңберде нормативтік құқықтық актілерді, заң жобаларының тұжырымдамаларын әзірлеу бойынша ғылыми жәрдем көрсету және оларды ғылыми сүйемелдеуді жүзеге асыру;

2) жүргізілген іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді іске асыруға бағытталған заңнамалық актілер жобалары мен олардың тұжырымдамаларын әзірлеу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шеңберде заң шығару бастамасы құқығына ие құқық субъектілері заң жобаларының және заңнамалық актілер жобаларының тұжырымдамаларын әзірлеу кезінде оларға ғылыми жәрдем көрсету;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасын дамытудың ғылыми тұжырымдамаларын (заңнаманы жетілдіру тұжырымдамаларын) әзірлеу;

5) заңнамалық актілер жобаларына, Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу бойынша қызметтер көрсету;

6) заңнаманың тиімділігіне талдау жүргізу (нормативтік құқықтық актілерді талдау) бойынша қызметтер көрсету;

7) Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің заңнамасына салыстырмалы-құқықтық зерттеулер жүргізу;

8) мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу бойынша қызметтер көрсету;

9) кодекстерге және өзге де заңнамалық актілерге ғылыми-практикалық түсіндірмелерді дайындау;

10) «ЗҚАИ» ШЖҚ РМК құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттерінің мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен, басқа да заңды және жеке тұлғаларымен, халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

11) нормативтік құқықтық актілер жобаларына, Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми құқықтық сараптама жүргізу бойынша қызметтер көрсету;

12) халықаралық құқық саласында мемлекеттік органдарға және халықаралық ұйымдарға ғылыми сарапшылық-консультациялық қызметтер көрсету, сондай-ақ халықаралық қатынастарда Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау мақсатында оның ғылыми-құқықтық қызметін қамтамасыз ету;

13) Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің ғылыми мекемелерімен және жоғары оқу орындарымен ғылыми байланыстарды дамыту, олармен белгіленген тәртіппен ғылыми ынтымақтастық туралы келісімдерді жасау, қажет болған кезде неғұрлым маңызды және күрделі құқықтық актілер жобаларын дайындау үшін отандық және шетел ғалымдарын тарту;

14) ғылыми және ғылыми-практикалық конференцияларға, симпозиумдарға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге және өзге іс-шараларға қатысу, сондай-ақ осындай іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

15) заңнамалық актілерді ағылшын тіліне аударуды және оған қол жеткізуді қамтамасыз ету;

16) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізуге жататын нормативтік құқықтық актілерді жинау, есепке алу және сақтау және оның дерекқорын қалыптастыру;

17) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық электрондық бақылау банкіне енгізуге жататын электрондық түрдегі нормативтік құқықтық актілерді жинауға, есепке алуға және сақтауға қатысу және оның дерекқорын қалыптастыру;

18) Қазақстан Республикасының заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілерін қамтитын жүйеленген және түбегейлі дерекқорларды қалыптастыру, жергілікті және онлайн режимдерде жүргізу;

19) автоматтандырылған құқықтық ақпарат жүйесін шарттық негізде пайдалана отырып, эталондық заңнамалық актілерді және өзге де нормативтік құқықтық актілерді ұсыну;

20) ақпараттық технологиялар саласында қызметтер көрсету;

21) заңнама салалары бойынша тақырыптамалық жинақтар, «ЗҚАИ» ШЖҚ РМК қызметінің бейіні бойынша анықтамалық-әдістемелік құралдар шығару, сондай-ақ редакциялық-баспа қызметтеріне қатысу;

22) басқа мемлекеттермен ақпараттық байланыстарды жүзеге асыру және Дерекқорлармен алмасу;

23) пайдаланушыларды пайдаланылатын құқықтық ақпарат жүйелері, бағдарламалық қамтылым жөнінде, сондай-ақ есептеуіш желілер мен жүйелерді пайдалану жөнінде оқыту;

24) ақпараттық-құқықтық жүйелерді пайдалана отырып, анықтамалық-консультациялық сипаттағы қызметтер көрсету;

25) Қазақстан Республикасының республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдарының талдамалық және әлеуметтік зерттеулерінің, оның ішінде халықаралық ұйымдармен бірлескен зерттеулерінің бірыңғай дерекқорын қалыптастыру және жүргізу.

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК заңнамада белгіленген нормативтер мен мерзімдерге сәйкес таза табыстың бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды жүргізеді.

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша «ЗҚАИ» ШЖҚ РМК директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

2020 жылғы кіріс **1 733, 51 млн. теңге** құрады, соның ішінде:

- мемлекеттік органдарды құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету – табыстан 7,1 % ;


- халықты құқықтық ақпаратпен және ҚР НҚА дерекқорына жалпыға бірдей тегін қол жеткізумен қамтамасыз ету – табыстан 20,9 %;

- ҚР НҚА Эталондық бақылау банкін және ҚР Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімін жүргізу – табыстан 38,9 %;

- жеке және заңды тұлғаларды «Zan» ДБ құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету – табыстан 10,1 %;

- заң жобалары тұжырымдамаларын және заң жобаларын әзірлеуге қатысу – табыстан 10,2 %;
- заңнама тиімділігіне талдау жүргізу – табыстан 4,4 %;
- ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу – табыстан 2,7 %;
- заң жобаларына ғылыми сараптама жүргізу – табыстан 0,3 %;
- халықаралық шарттар жобаларына сараптама жүргізу – табыстан 0,4 %;
- мемлекеттік органдарға қызмет көрсету бойынша кірістер – табыстан 1,2 %;
- Мемлекеттік сынайлы сектор субъектілеріне көрсетілген қызметтер түсетін кіріс – табыстан 3,8 %.

## 2020 жылғы Кәсіпорынның кірістер талдауы



- ҚР НҚА Эталондық бақылау банкін және ҚР Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімін жүргізу
- Халықты құқықтық ақпаратпен және ҚР НҚА дерекқорына жалпыға бірдей қол жеткізумен қамтамасыз ету
- Жеке және заңды тұлғаларды "Zan" ДБ құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету
- Заң жобалары тұжырымдамаларын және заң жобаларын әзірлеуге қатысу
- Мемлекеттік органдарды құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету
- Заңнама тиімділігіне талдау жүргізу
- Ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу
- Заң жобаларына ғылыми сараптама жүргізу
- Халықаралық шарттар жобаларына сараптама жүргізу
- Мемлекеттік органдарға қызмет көрсету бойынша кірістер
- Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне көрсетілген қызметтер түсетін кіріс

2020 жылғы шығындар «ЗҚАИ» ШЖҚ РМК-ның жарғылық қызметін жүзеге асыруға және қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға бағытталған **1 701,03 млн. теңгені** құрады.

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК 2020 жылғы қорытындысы бойынша **32 477,9 мың теңге** пайда тапты.

2020 жылғы қызмет қорытындысы бойынша таза кірісті бөлу нормативі мынаны құрады:

— Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 25.02.2015 жылғы №134 бұйрығына сәйкес республикалық бюджетке аудару – 3 097,8 мың теңге.